

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІНІҢ  
«БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ» РММ

«NEGESH INTERNATIONAL» МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ  
ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЕШЕНІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ІС БАСҚАРМАСЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ  
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ «ҚАРЛЫҒАШ» БАЛАБАҚШАСЫ» РММ

«ABADAN» БАЛАБАҚШАСЫ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



## **ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМУЫ ПРОЦЕСІНДЕ ДАҒДЫЛАРДЫ КІРІКТІРУ: МӘСЕЛЕЛЕР, ШЕШІМДЕР ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары  
13 маусым 2025 жыл*

---

## **ИНТЕГРАЦИЯ НАВЫКОВ В ПРОЦЕССЕ РАЗВИТИЕ РЕЧИ ДОШКОЛЬНИКОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОГО ОБЩЕСТВА: ПРОБЛЕМЫ, РЕШЕНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ**

*Материалы международной научно-практической конференции  
13 июня 2025 года*

Астана, 2025

**Редакция құрамы:**

*Жиенбаева Сайра Нагашибаевна – п.ғ.д., профессор, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

*Жумабекова Фатима Ниязбековна - п.ғ.к., профессор, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

*Сағалиева Жанар Каукербековна– п.ғ.к., доцент, ҚР оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институты, ғылыми қызметкер*

*Адамова Манара Елекенқызы – п.ғ.м., ҚР Оқу –ағарту министрлігі, Мектепке дейінгі білім беру департаментінің басшысы*

*Ерманова Мария Наятқызы – п.ғ.м., ҚР оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының директоры*

*Тезекова Орынтай – Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 3-курс Phd докторанты, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

УДК 373.2  
ББК 74.100  
Ц42

«Цифрлық қоғам жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту процесінде дағдыларды кіріктіру: мәселелер, шешімдер және келешегі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинақтары»: - Астана, «Бика» баспасы, 2025.- 516 б.

ISBN 978-601-7075-63-7

«Цифрлық қоғам жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту процесінде дағдыларды кіріктіру: мәселелер, шешімдер және келешегі» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жинағында (AP19677736 «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері»" гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру аясында) мектепке дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудың өзекті мәселелері бойынша ғалымдардың, магистранттар, докторанттар, жас ғалымдар, практиктердің ғылыми және практикалық тәжірибелеріне байланысты мақалалары жинақталған.

© «Бика» баспасы Астана, 2025

Берзин, В.Е. Гмурман, А.А. Дергач, П.И. Карташов, В.Н. Козиев, В.В. Краевский, Ю.М. Орлов, И.Н. Семенов, М.Н. Скаткин, С.П. Степанов, Л.Г. Семушина), рассматривают инновационно-педагогическую направленность как сложное психологическое новообразование, синтезирующее такие структурные компоненты, как ценностные ориентации, установки, высокая мотивация достижений.

Высокий уровень самоприятия, самоуважения, рефлексии, наличие передового педагогического опыта, восприимчивость к новому, информационная компетентность, активная позиция по отношению к инновациям. Мы считаем, что предложенная структура может быть дополнена следующими, весьма важными, на наш взгляд компонентами, а именно: высокий уровень культуры (исследовательской, эстетической), полихудожественная эрудированность, положительное эмоционально-оценочное отношение к культурно-историческим ценностям. Кроме этого, создание в университете соответствующих психолого-педагогических условий для развития творческого потенциала студентов будет также способствовать атмосфере сотрудничества на занятиях как с педагогом, так и с однокурсниками, осмысленному обучению студентов, их мотивации и заинтересованности в изучении междисциплинарных дисциплин.

### Список использованной литературы

1. Zakirova D. I. 2020. Innovative infrastructure of the university: small innovative enterprise. *Bulletin of the University «Turan»*, № 3, 270-275. <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2020-1-3-270-275>
2. Sultanbaeva J. U., 2022. Seitov B.R. Innovative technologies in teaching a foreign language methods of use. *Statistics, accounting and audit*. № 4 (№ 87), 84-107. DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2022-4.09>
3. Suleimenova, G. S., Smagulov B. S. 2022. Game technologies as a means of students' creativity development. *Educational environment: theory and practice: Proceedings of the V International Scientific and Practical Conference*. 77-83. <https://elibrary.ru/item.asp?id=49307363&pff=1>
4. Shaimardanov, Z. K., Rakhmetullina, S. Z., Segeda, T. A., Daniyarova, K. M. 2022. Networking as a new type of partnership in education and science. *Bulletin of «Turan» University*, № 2, 323-332. <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-2-323-332>
5. Egan, A., Maguire, R., Christophers, L., Rooney, B. 2017. Developing creativity in higher education for 21st century learners: A protocol for a scoping review. *International Journal of Educational Research*, № 82, 21-27. <https://doi.org/10.1016/j.ijer.2016.12.004>

### МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЖАҢАША ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Ф. Н. Жумабекова Фатима Ниязбековна**

доцент педагогика ғылымдарының кандидаты,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

[zhumabekova.58@mail.ru](mailto:zhumabekova.58@mail.ru)

**Андатпа.** Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық жаңаша ойлауды қалыптастырудың тиімді жолдары және оны жүзеге асырудың нақты әдістері қарастырылған. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиешілер мен арнайы мамандардың тұлғалық және педагогикалық тұрғыдан жаңаша ойлауын қалыптастырудың маңызы сипатталған. Педагогтардың жаңаша ойлау қабілетін дамыту мақсатында рефлексия, шығармашылық ізденіс, үздіксіз біліктілікті арттыру, ынтымақтастықты дамыту, жеке тұлғаға бағытталған оқыту, инновациялық жобалау, цифрлық сауаттылықты арттыру және кері байланыс әдістерін қолданудың ерекшеліктерін талдап көрсетеді. Ұсынылған әдістер педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыруға және заманауи талаптарға сай білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** жаңаша ойлау, рухани даму, тұлғалық тұрғы, педагогикалық тұрғы, кәсіби даму, негізгі жолдары, тиімді әдістер.

Қазіргі Қазақстандағы білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттыру, шығармашылық еркіндігін қолдау, тұлғалық өсу мен жаңаша ойлауды қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылады. Білім беру мазмұнының гуманистік және тұлғалық-бағдарлы бағытта дамуын, педагогтің кәсіби және рухани дамуына жағдай жасауды көздейді.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауы (01.09.2023 ж.) Білім беру жөніндегі тапсырмасы: «*Жаңа мұғалім бейнесі-рухани бай, шығармашыл, ойы жаңаша, заманауи тұлға болуы тиіс*»-деп көрсетілген [1].

“Педагог мәртебесі туралы” Заңда–педагогтің өзін-өзі дамытуына, шығармашылықпен айналысуына және кәсіби еркіндігіне құқық береді. Бұл жаңаша ойлаудың құқықтық негізін қамтамасыз етеді. Кәсіби даму бағытында: «Педагогтің кәсіби құзыреттілігі мен рефлексивті ойлау қабілетін дамыту басым бағыт ретінде танылады» [2].

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандартының 3-тарауы, 15-тармағында «Педагог баланың тұлғалық дамуын, еркін ойын, шығармашылық қабілетін дамыту үшін ізгілікке негізделген, гуманистік көзқарасты ұстануы тиіс» - деп белгіленген [3].

Осы идеяларды іске асыру мақсатында мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиешілер мен арнайы мамандардың тұлғалық және педагогикалық тұрғыдан жаңаша ойлауын қалыптастырудың маңызы зор. Бұл екі қыр педагогтің ішкі дүниесі мен сыртқы іс-әрекетінде үйлесім тауып, заманауи білім беруге, баламен шынайы байланыс орнатуға және қоғамға үлгі болуына жол ашады.

*Тұлғалық тұрғыдан маңызы:* ішкі сана тазалығы мен рухани тепе-теңдікке жетелейді - адам өзін таниды, өмірдің мәнін түсініп, ізгілікке бет бұрады. Мейірім мен жанашырлыққа негізделген қарым-қатынас орнайды - адам айналасына жағымды ықпал етеді, сенімді орта қалыптастырады. Тұлғаның эмоционалдық тұрақтылығы артады – жағымсыз ойлардан арылып, сабырлы, салмақты шешім қабылдай алады.

*Педагогикалық тұрғыдан маңызы:* жаңаша ойлайтын педагог шығармашыл, серпінді, жаңалыққа ашық тұлға - ол дәстүрлі әдістермен шектелмей, баланың дамуына бағытталған заманауи тәсілдерді еркін қолданады. Баланы тұлға ретінде тануға жол ашады - жаңаша ойлайтын педагог әр баланың ерекшелігін бағалап, даралап оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырады. Бұл–тұлғаның рухани кемелденуі мен кәсіби дамуының ажырамас бөлігі. Кәсіби күйзелістің алдын алады–жаңаша көзқарас, рефлексия, өзін-өзі дамыту арқылы педагог күйзелістен арылып, мотивациясын жоғалтпайды. Білім беру процесінің сапасы мен мәні артады – оқыту механикалық үрдіс емес, мәнді, құндылыққа бағытталған тірі әрекетке айналады. Педагогтің жаңаша ойлауы – бұл тек жаңа әдіс емес, адамның өзін, кәсібін және қоғамдағы орнын қайта қарап, саналы әрі жауапкершілікпен өмір сүру мәдениеті. Бұл педагогтің нағыз көшбасшыға айналуына негіз болады [4].

Жаңаша ойлауды қалыптастырудың мазмұндық бағыттары:

*Жаңаша ойлаудың мәні мен маңызын түсіндіру* - жаңаша ойлау – бұл педагогтың мәселеге дәстүрлі емес қырынан қарау қабілеті, креативтілік пен бейімделгіштік негізіндегі ойлау түрі. Қазіргі білім беру талаптарына сай, педагог тек білім беруші емес, сонымен қатар жаңашыл ойлаушы, зерттеуші және бағыттаушы болуы тиіс.

*Жаңаша ойлаудың компоненттері* - сын тұрғысынан ойлау - ақпаратты талдай білу, сұрақ қою, дәлелмен сөйлеу. Шығармашылықтың идеялар тудыру, баламалы шешімдер табу. Рефлексия - өз іс-әрекетіне талдау жасау, жетістіктер мен кемшіліктерді анықтау. Икемділік - түрлі өзгерістерге тез бейімделу, жаңа жағдайға сай әрекет ету.

*Мазмұнды іске асыру тетіктері* - инновациялық әдістемелерді қолдану: жобалық оқыту, дамытушы ойындар, зерттеушілік әдіс, ойын арқылы оқыту. Педагогтың кәсіби дамуын қамтамасыз ету: біліктілік арттыру курстары, шығармашылық шеберханалар. Оқыту мен тәрбиелеу үрдісін жаңғырту: заманауи технологияларды (интерактивті құралдар, цифрлық ресурстар) тиімді пайдалану.

*Жаңаша ойлауды қалыптастырудың нәтижесі* - педагог өзінің кәсіби қызметінде озық тәжірибелерді қолданады. Баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді шешім қабылдайды. Педагогикалық әрекетте дербестік пен бастамашылық танытады.

Педагогикалық жаңаша ойлау – бұл жаңартылған мазмұнға бейімделу ғана емес, тұлғалық және рухани кемелденудің көрінісі. Жаңаша ойлайтын педагог – баланың жан дүниесін түсініп, оны дамытатын, қоғам сұранысына сай тәрбиелей алатын тұлға.

*Тұлғалық тұрғыдан жаңаша ойлау дегеніміз* – адамның өзіне, айналасына және қоғамға деген көзқарасын қайта қарастырып, ескі түсініктер мен қалыптасқан стереотиптерден арылу арқылы өмірге жаңа қырынан қарау қабілеті. Бұл ойлау түрі адамның ішкі дүниесін байытады, оның эмоционалдық зияткерлігін, рухани-адамгершілік сапаларын, сындарлы және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Тұлғалық жаңаша ойлау педагогтың кәсіби өсуіне, өзін-өзі жетілдіруіне, балалармен және әріптестермен қарым-қатынасты сапалы түрде құруына мүмкіндік беретін маңызды фактор болып табылады.

*Педагогикалық тұрғыдан жаңаша ойлау дегеніміз* – педагогикалық процесті дәстүрлі шеңберден тыс, шығармашылық және инновациялық тәсілдермен ұйымдастыру қабілеті. Бұл педагогикалық іс-әрекетте озық технологияларды, тиімді әдіс-тәсілдерді, жаңа білім беру тұжырымдамалары мен стратегияларын қолдана отырып, оқу-тәрбие үдерісін заманауи талаптарға сай жетілдіруге бағытталған ойлау түрі. Педагогикалық жаңаша ойлау арқылы педагогтар білім беру процесін баланың жеке қабілеттерін дамытуға бейімдеп, балалардың дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға және оларды белсенді оқыту ортасына тартуға мүмкіндік алады [5].

Осыған орай, мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың тұлғалық тұрғыдан жаңаша ойлауды қалыптастырудың тиімді жолдарын қарастыратын боламыз. Бұл төмендегі кестеде көрсетілді.

Кесте-1. Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың тұлғалық және педагогикалық тұрғыдан жаңаша ойлауды қалыптастырудың тиімді жолдары

| № | тұлғалық тұрғыдан жаңаша ойлауды қалыптастыру                                                                                                                                                                                                         | педагогикалық тұрғыдан жаңаша ойлауды қалыптастыру                                                                                                                                              |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Сананы тазалау және педагогтің ішкі дүниесін тәрбиелеу – тәрбие мен білім беру процесінің іргетасы. Себебі баланың дамуына ықпал ететін басты тұлға – педагог, ал оның рухани әлемі, құндылықтары мен ішкі мәдениеті тікелей тәрбиелік ықпал жасайды. | Инновациялық білім беру технологияларын енгізу - жобалық, ойын технологиясы, STEAM-элементтері мен цифрлық ресурстарды пайдалану арқылы балалардың белсенділігін арттыру.                       |
| 2 | Өзін-өзі тану мен рефлексия – педагог өз ойы, әрекеті, құндылығы туралы үнемі ойланып, ішкі қайшылықтар мен теріс сенімдерді анықтап, олардан арылуға талпынуы керек.                                                                                 | Рефлексия мен зерттеушілікке негізделген оқыту – педагогтың өзі де үздіксіз үйреніп, тәжірибесін қайта қарап отыруы, балалардың қызығушылығына сүйене отырып зерттеуге ынталандыру              |
| 3 | Ізгілікке негізделген құндылықтармен өмір сүру – шыншылдық, жанашырлық, кешірімділік, сабыр, адалдық сияқты адами қасиеттерді жеке өмірінде де, кәсіби істе де ұстану.                                                                                | Жаңаша ойлауды қалыптастыруды ізгілікке негіздеу - бұл оқу-тәрбие процесін баланың тұлғалық дамуына бағыттап, әрбір баланың құқықтарын, даралығын, ішкі дүниесін құрметтеу арқылы жүзеге асыру. |
| 4 | Жағымсыз ойлар мен көзқарастардан арылу – "бұрыннан солай істеліп келген", "мүмкін емес" деген ескі көзқарастардың орнына "басқаша да болуы мүмкін",                                                                                                  | Құндылыққа бағытталған тәрбие – ұлттық, адамгершілік, мәдени құндылықтарды сабақ мазмұнына енгізу, баланың рухани дамуына жағдай жасау.                                                         |

|   |                                                                                                                                                          |                                                                                                                              |
|---|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   | "үйренуге дайынмын" деген ашық сана қалыптастыру.                                                                                                        |                                                                                                                              |
| 5 | Рухани-адамгершілік тәжірибені арттыру – медитация, тыныштық сәттері, рухани оқылымдар арқылы ішкі үйлесім мен сергектікке қол жеткізу.                  | Коммуникативті орта құру – ашық пікір алмасу, сұрақ қою, бірге шешім қабылдау дағдыларын дамыту.                             |
| 6 | Тұлғалық өсуге ұмтылу – жаңа идеяларға ашық болу, түрлі көзқарасты тыңдай білу, шығармашылықты қолдау арқылы ойлаудың шекарасын кеңейту.                 | Тәрбиешілердің кәсіби дамуы – жаңаша ойлау үшін педагог үнемі өзін жетілдіріп, заманауи білім мен тәжірибені меңгеруі қажет. |
| 7 | Басқалармен шынайы қарым-қатынас орнату – әріптестермен, балалармен, ата-аналармен ашық, адал, сенімді байланыс орнату арқылы өзара дамуға жағдай жасау. | Ата-анамен әріптестік – отбасы мен балабақша арасында сенімді қарым-қатынас орнатып, тәрбиелік міндеттерді бірлесіп шешу     |

Осы жолдар педагогтың жаңаша көзқарасын қалыптастырып, білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді. Мектепке дейінгі ұйымдарда тұлғалық және педагогикалық жаңаша ойлауды қалыптастыру өзара тығыз байланысты әрі бірін-бірі толықтыратын үдеріс болып табылады. Тұлғалық жаңаша ойлау педагогтың кәсіби дамуына, дүниетанымының кеңеюіне, шығармашылық қабілетінің артуына ықпал етсе, педагогикалық жаңаша ойлау оқу-тәрбие үрдісінде заманауи әдіс-тәсілдерді қолдануды көздейді. Педагогтың жеке тұлға ретінде жаңаша ойлауы оның балалармен қарым-қатынас стилін жетілдіріп, әр баланың тұлғалық дамуына жағымды әсер етеді. Өз кезегінде, педагогикалық жаңаша ойлауды игерген маман инновациялық технологиялар мен әдістемелерді тиімді пайдаланып, балалардың тұлғалық ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді. Осылайша, педагогтың тұлғалық өсуі мен педагогикалық жаңашылдығының бірлігі мектепке дейінгі білім беру сапасын арттырып, шығармашыл, сындарлы ойлайтын, өмірге бейім ұрпақты тәрбиелеуге жағдай жасайды.

*Педагогикалық жаңаша ойлауды қалыптастыруды ізгілікке негіздеу*–бұл оқу-тәрбие процесін баланың тұлғалық дамуына бағыттап, әрбір баланың құқықтарын, даралығын, ішкі дүниесін құрметтеу арқылы жүзеге асыру. Бұл ұстаным педагогтың тек білім мен дағды беруші емес, ізгі ниетті бағыттаушы болуын талап етеді. Төменде осы ұстанымның мазмұны берілген:

*Ізгілік пен жаңаша ойлаудың байланысы* - жаңаша ойлау – баланың қажеттілігі мен ерекшелігін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытудың тиімді жолдарын іздеуді білдіреді. Ізгілік – баланы тұлға ретінде мойындау, оған құрметпен қарау, сенім арту. Осы екі ұғымды ұштастыру – заманауи педагогтың басты міндеті.

*Ізгілікке негізделген жаңаша ойлаудың ерекшеліктері* - эмпатия мен моральдық жауапкершілік: педагог балалардың эмоционалдық жағдайына бей-жай қарамайды, шешім қабылдауда адамгершілік қағидаларды басшылыққа алады. Даралықты құрметтеу, әр балаға жеке тәсіл қолдану, таңдау еркіндігін ұсыну.

*Қауіпсіз психологиялық орта құру* - пікір айту, қателесуге мүмкіндік беру, сенім атмосферасын қалыптастыру. Оны тәжірибеде жүзеге асыру жолдарын тиімді пайдалану. Ойын, ертегі, драма, пікір алмасу арқылы ізгілік құндылықтарын дамыту. Топтық және зерттеушілік тапсырмаларда бірін-бірі тыңдауға, қолдауға үйрету. Педагогикалық әрекеттерде ізгілікке бағытталған шешімдер қабылдау (жазалаудың орнына түсіндіру тәсілін қолдану) [6].

*Нәтижесінде:* педагог ізгілік пен жаңашылдықты ұштастыра отырып, оқыту-тәрбие процесін балаға жақын әрі түсінікті етеді. Балаларда сенім, жауапкершілік, өзіне және өзгеге деген құрмет қалыптасады. Мектепке дейінгі ұйымдағы жалпы ахуал жағымды, ынтымақтастыққа негізделген болады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық жаңаша ойлауды қалыптастыруды *іске асырудың тиімді әдістері:*

1. Педагогикалық рефлексия әдісі - педагогтардың өз әрекеттеріне, қабылдаған шешімдеріне сыни көзқарас қалыптастыруын ынталандыру. Бұл әдіс арнайы семинарлар, тренингтер және педагогикалық кеңестер арқылы жүзеге асырылады.

2. Шығармашылық ізденіс әдісі - педагогтар жаңа педагогикалық әдістер мен тәсілдерді еркін қолдануы үшін шығармашылық зертханалар, жобалау әдістері және педагогикалық эксперименттер жүргізуді ұйымдастыру.

3. Біліктілікті үздіксіз арттыру әдісі - педагогтардың кәсіби біліктілігін үздіксіз жетілдіру мақсатында цифрлық технологияларды пайдалану, онлайн курстар, шеберлік сыныптары және әдістемелік семинарларды ұйымдастыру.

4. Коллаборациялық (ынтымақтастық) әдіс - педагогтардың өзара тәжірибе алмасуы, бірлескен жобаларды әзірлеуі, командалық сабақтар өткізуі. Бұл әдіс ашық сабақтар, әдістемелік апталықтар және коучингтер арқылы іске асырылады.

5. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту әдісі - әр баланың жеке ерекшелігін ескере отырып, оқыту-тәрбие процесін икемдеу. Педагогтарға арнайы тренингтер, оқыту бағдарламалары арқылы жеке бағдарлы тәсілді енгізу дағдыларын қалыптастыру қажет.

6. Инновациялық жобалау әдісі - педагогикалық үдерісті жаңарту үшін педагогтардың өздері жаңа жобалар мен әдістемелерді әзірлеуі және тәжірибеге енгізуі. Бұл әдісті қолдануда жобалық басқару тәсілдерін меңгеруге арналған тренингтер мен оқыту бағдарламалары іске қосылады.

7. Цифрлық сауаттылықты арттыру әдісі-педагогтардың цифрлық технологиялар арқылы педагогикалық үдерісті жетілдіруге қабілетін дамыту үшін цифрлық платформалар мен интерактивті құралдарды қолдануды үйрететін арнайы курстарды ұйымдастыру.

Кері байланыс (feedback) әдісі - педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру үшін тұрақты түрде кері байланыс алу және беру тәжірибесін қалыптастыру. Бұл әдіс үшін арнайы сұхбаттар, анкета жүргізу, бағалау жүйелерін енгізу маңызды. Осы аталған әдістерді жүйелі түрде қолдану мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық жаңаша ойлауды тиімді әрі тұрақты қалыптастыруға ықпал етеді [7]

Ойымызды қорытындылай келе, мектепке дейінгі ұйымдарда тұлғалық және педагогикалық жаңаша ойлауды қалыптастыру - білім беру сапасын көтерудің, педагогтардың кәсіби деңгейін арттырудың және балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етудің маңызды алғышарты болып табылады. Педагогтың тұлғалық жаңаша ойлауы оның ішкі әлеуетін ашып, кәсіби шеберлігін шыңдаса, педагогикалық жаңашылдық оқу-тәрбие үрдісіне жаңа әдістер мен технологияларды енгізуге мүмкіндік береді. Бұл екі аспектінің бір-бірімен тығыз байланыста болуы - заман талабына сай, шығармашыл, сындарлы ойлайтын және рухани-адамгершілік қасиеттері жоғары тұлғаларды тәрбиелеуге жол ашады. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда осы бағыттарды үнемі жетілдіріп, қолдау көрсету - бүгінгі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі деп санаймыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Педагог мәртебесі туралы" Заң (04.01.2019 ж. №292-VI) 4-бап. Педагог қызметінің қағидаттары.
2. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауы (01.09.2023 ж.)
3. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандарты(2022 ж.).
4. Муканова Н.Е., Төлегенова Б.Н. Педагогикалық шеберлік: оқу-әдістемелік құрал, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, 2021.
5. Умирбекова А.Н Жаңа педагогикалық парадигманы жүзеге асырудағы педагогикалық жаңаша ойлау. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. 2020 ж.
6. Мырзагелдиева Б.Б. Жаңаша педагогикалық ойлауды қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері // Қазақстан жоғары мектебі, №2, 2021.
7. Сейілханова Л.Р. Цифрлық білім беру жағдайында педагогтардың кәсіби жаңаша ойлауын қалыптастыру // Заманауи педагогика, №4, 2023.